

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ 24 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАУЛЫСЫ

I Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтің «Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі туралы және жұмыс берушілердің пікірлерін қолдау жұмыстары» туралы ақпаратын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Н.Жанбековтың «Абай атындағы ҚазҰПУ түлектерінің жұмыспен қамтылу деңгейі туралы және жұмыс берушілердің пікірлерін қолдау жұмыстары туралы» ақпараты - *назарға алынсын.*

2. Институт директорларына, кафедра меңгерушілеріне, Мансап орталығына:

- 2 курс магистранттарының педагогикалық практикасын дуальды оқыту форматына толықтай көшіру жұмыстарын ұйымдастыру **жүктелсін** (*Мерзімі – 30.06.2022*);

- Дуальды оқыту форматында жүріп жатқан практикаға әр тоқсан сайын мониторинг жасау жұмыстары ұйымдастырылсын (*Мерзімі – 30.06.2022*).

3. Институт директорларына, Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке:

- Жаңартылған білім мазмұны курсы университет қабырғасында 3-4 курс студенттеріне, 1-2 курс магистранттарына үздіксіз берілуін және сертификациялануын қамтамасыз ету жүктелсін (*Мерзімі – 30.06.2022*);

4. Институт директорларына, Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасына:

- Жоғары деңгейдегі ақпараттық және цифрлық сауаттылықты қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсін (*Мерзімі – үнемі*).

5. Институт директорларына, институттардың әдістемелік бюросына жүктелсін:

- Педагогикалық бағыттағы бакалавриат және магистратура білім бағдарламасындағы студенттердің дипломдық және диссертациялық жұмыс тақырыптарының нақты орта білім беру ұйымдарының (мектеп, балабақша) проблемаларымен байланысты болуы қадағалалансын (*Мерзімі – үнемі*).

II. Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.А.Бурибаевтың "ҚР БҒМ мемлекеттік тапсырысының аясында дайындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалу нәтижелері туралы" ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.А.Бурибаевтың "ҚР БҒМ мемлекеттік тапсырысының аясында дайындалған ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалу нәтижелері туралы" ақпараты – назарға алынсын.

III. *Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2022 жылға талапкерлерді тарту бойынша алдағы міндеттер туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:*

1. Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Кәсіби бағдар жұмыстарының жоспарын жүзеге асыру барысы және 2022 жылға талапкерлерді тарту бойынша алдағы міндеттер туралы» ақпараты - назарға алынсын.

2. Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры м.а. Т.Серикбаевқа: талапкерлерден «on-line режимінде электронды құжат қабылдау, емтихан қабылдау» жүйесін жетілдіру жүктелсін. (Мерзімі - 20.02.2022ж).

3. Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті директоры А.Байдильдинаға:

- бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 2021/2022 оқу жылына қабылдау жүргізілетін білім бағдарламаларының тізімін нақтылап бекіту жүктелсін. (Мерзімі - 25.02.2022ж).

4. Институт директорларына және кафедра меңгерушілеріне:

- бакалавриатты бітіретін түлектерді магистратураға тарту мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу күшейтілсін;

- магистратура мен докторантураға мамандық бойынша түсу емтихандарының бағдарламаларын дайындап Университет сайтына орналастыруын қадағалау, докторантураға түсуші үміткерлердің шет тілі бойынша халықаралық сертификаттарды өз уақытында алуын қадағалау жүктелсін (Мерзімі - 20.02.2022ж).

4. Шетелдік азаматтарға арналған ЖОО-на дейінгі дайындық факультетінің деканы F. Таубаеваға, институт директорларына:

- 2022-2023 оқу жылына шетелдік студенттерді университетке тарту жұмыстары күшейтілсін.

IV. Ғылым департаментінің директоры Ұ.М. Әбдіғалбарованың «ЖОО үздік оқытушысы - 2020» атағы иегерлерінің есебі туралы баяндамасын тыңдай және талқылай келе, **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Университеттің «ЖОО үздік оқытушысы - 2020» атағы иегерлерінің есебі - *назарға алынсын.*
2. Университеттің «ЖОО үздік оқытушысы - 2020» атағы иегерлерінің есебі - *бекітілсін.*

5.1. *Бас ғалым хатшы Ж.А.Сейсембаеваның* «Профессор ғылыми атағына үміткерлердің құжаттарын жіберу туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

19.00.00– «Психология» мамандығы бойынша Тапалова Ольга Бисеновнаның құжаттары профессор ғылыми атағына жіберілсін.

12.00.00 – Құқық мамандығы бойынша Профессор атағына ізденуші Бурибаев Ермек Абильтаевичтің құжаттары жіберілсін.

VI. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы

СРК



Д. Билялов

Ж. Сейсембаева